




«Рухани жаңғыру» – тарихи сананы жаңғырту»



**Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ**

Осындай атаумен Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының «Рухани жаңғыру» Жобалық кеңсесінде Елбасының «Рухани жаңғыру» мақаласын талқылаған дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстел жұмысын кеңсе директоры Сабыржан Тасмағанбет жүргізіп, алғашқы болып институт ректоры, г.г.д. Сейітбек Қуанышбаев сөз сөйледі.

Тақырып бойынша арнайы шақырылған қонақтар: Арқалық қонақалы колледжі

жұмыстармен таныстырды.

– Зиялы қауым өкілдерімен, жастармен осылай тығыз қарым-қатынаста жұмыс істегіміз келеді. Сайып келгенде бәріміздің айналысып жатқанымыз елдік мақсатты көздей-



директорының орынбасары, тарихшы Сабыржан Оташев баяндамамен мінбеге шығып, колледж студенттері «Рухани жаңғыру» бағдарламасының слайд - тұсаукесерін жасады. Өлкетану бағытында ауқымды жұмыс жүргізіп, тек Арқалық қаласын ғана емес, іс-шараларымен барша Торғай өңірін қамтып жүрген «Жасұлан» жасөспірімдер орталығының маманы Әсел Оразалина орталықтың «Ауылым – алтын бесігім» экспедициясы жұмысы туралы баяндады. А. Құнанбаев атындағы №6 мектептің ұстазы Кәмшат Балдаева Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы жайлы әңгімелеп, институттың аға оқытушысы Баубек Елеусов институт тарапынан жүргізіліп жатқан экспедициялық

тің ортақ іс. Яғни, "Бір мақсат – бір мүдде".

Кеңсе жұмысы жоспарланған. Мақсатымыз Елбасы мақалаларында көрсетілген ұлттық құндылықтарды ел арасында кеңінен насихаттау. Бұған дейін Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжімен, Родина орта мектептерімен іс-шара өткіздік. Алдағы аптада қалалық тілдер басқармасы "Латын қарпіне көшу" тақырыбымен келмек. Жастар ресурстық орталығы ардагерлермен кездесу жасайтын болады. Архив, телевидение, музей мекемелерімен де белгіленген шарамыз бар, – дейді «Рухани жаңғыру» Жобалық кеңсесінің директоры Сабыржан Нұрсалиұлы.

Арқалық қаласы.

